

Жетібаев Н.С.

**Медицина қызметкерлерінің
кәсіптік қызметін лайықты
орындамауымен байланысты
жасалатын қылмыстардың
субъективтік белгілері**

Мақала халыққа медициналық қызмет көрсету саласындағы қылмыстардың өзекті мәселелеріне арналған. Автор аталған ғылыми мақалада медицина қызметкерлерінің кәсіптік қызметін лайықты орындамауына байланысты қылмыс құрамдарының субъективтік белгілерін қарастырған. Аталған ғылыми мақалада отандық және кеңестік ғалымдардың көзқарастары қарастырылған. Сондай-ақ автормен аталған тақырып бойынша қорытындылар жасалады. Қарастырылып жатқан тақырып бойынша сот тергеу тәжірибесі талданған.

Түйін сөздер: медицина қызметкерлері, қылмыстың субъектісі, лауазымды тұлға, субъективтік жақ.

Jetibayev N.S.

**Subjects evidence of crimes
committed medical staff for
carrying out their professional
duties**

The article is devoted to actual problems of crime in health care. Copyright in this article examines subjective sides compositions crimes in health care. In this research paper considers the views of national and Soviet scientists. Also, the authors conclude on the subject. Analyze forensic investigative practices on this topic.

Key words: medical staff, the subject of crime, official, subjective side.

Джетібаев Н.С.

**Субъективные признаки
преступления совершаемых
медицинскими сотрудниками
за ненадлежащее выполнения
своих профессиональных
обязанностей**

Статья посвящена актуальным проблемам преступления в сфере медицинского обслуживания населения. Автор в этой статье рассматривает субъективные признаки составов преступления в сфере медицинского обслуживания населения. В данной научной статье рассмотрены взгляды отечественных и советских ученых. Также автором делается выводы по данной тематике. Анализированы судебно-следственная практика по данной теме.

Ключевые слова: медицинские сотрудники, субъект преступления, должностное лицо, субъективная сторона.

**МЕДИЦИНА
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ
КӘСІПТІК ҚЫЗМЕТІН
ЛАЙЫҚТЫ ОРЫНДА-
МАУЫМЕН БАЙЛА-
НЫСТЫ ЖАСАЛАТЫН
ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ
СУБЪЕКТИВТІК
БЕЛГІЛЕРІ**

Қасақаналықтың түрлерін ажырату және құқықтық мәселесін сот тәжірибесінде анықтауға байланысты негізгі үш әдіс бар:

- жоғарғы сот пленумдарының қаулыларын және алқа ұйғарымдарын зерттеу;
- қылмыстық істерді талдау;
- құқық қорғау органдары қызметінің тәжірибесін анықтау [1, 82-83 бб].

Кейде тәжірибеде медицина қызметкерлері өзінің әрекеттерін қасақаналықпен жүзеге асыра отырып, оны абайсыздықпен жасаған әрекет ретінде бүркемелейді.

Көптеген жағдайларда қылмыс кінәнің бір нысанымен жасалады. Бірақ кейде заң шығарушы, егер де абайсызда зардап келтірілсе, қасақана қылмыс үшін жауаптылықты күшейтеді. Осындай жағдайларда кінәнің әртүрлі нысандары бір қылмыста бірге қосараласа жүруі мүмкін. Қасақаналық және абайсыздықтың бір қылмыста көрініс табуы әдебиетте «аралас», «екі жақты» немесе «күрделі» кінә нысаны деп аталып жүр.

А.И. Рарогтың айтуынша, мұндай терминдер нақтыланбаған, осындай қылмыстарда кінәнің ешқандай үшінші нысаны жоқ, қасақаналық пен абайсыздық өзара қосылмайды, олар бір құрамда дербес болады және кінәнің екі нысаны тек қылмыстың саралаушы құрамдарында бірге қосараласа жүруі мүмкін. Қасақаналық негізгі құрамның конструктивті элементі ретінде және абайсыздық саралаушы зардаптарға қатысты қаралады. Кінәнің екі нысаны деген ұғым ғылыми айналымға салыстырмалы түрде ертеден енген [2, 187 б].

Кінәнің екі нысаны (аралас немесе күрделі) концепциясын кеңінен жақтаушылар кінәнің күрделі нысаны құрамдарына тек қана әрекетке және туындаған зардапқа субъектінің әр түрлі психикалық қатынасының жағдайын ғана жатқызбады, қылмыс құрамының басқа да мән-жайларының психикалық қатынас мүмкіндігін қарастырды [3, 21 б].

Сот және тергеу органдары ҚР ҚК 317-бабын саралауда, медицина қызметкерлерінің кінәсін анықтауда, негізінен сот-медицина сарапшыларының көмегіне жүгінеді. Мәселен, медицина және фармацевтика қызметкерлері өшпенділік, қызғаныш немесе т.б. ниеттерде белгілі бір адамның өміріне

немесе денсаулығына зиян келтіруі мүмкін. Бірақ бұл құрам субъективтік жағынан тек қана абайсыздықпен жасалған қылмыс ретінде сипатталып отыр, оның әрекеті қасақаналықпен немесе аралас кінә нысанымен жасалынғандығын анықтау үшін не істелінуі қажет? Осы проблемаларды шешу үшін сот-медицина және сот-психиатрия сарапшылары тергеу және сот органдарына дәйекті қорытынды беруі керек. Жоғарыда айтылып кеткен өзекті мәселелерді қылмыстық заңдағы кемшіліктердің қатарына жатқызыла отырып қарастырған жөн шығар.

«Адамның жасаған іс-әрекетіне және туындаған зиянды зардаптарға қатысты оның психикалық қатынасының неғұрлым нақты шегіне психология ғылымының қазіргі жетістіктерін пайдалана отырып жіті назар аударған жөн. Сондай-ақ, заңдағы күрделі кінә деп аталатын мәселені де шешу қажет», – деді [4,25-26 бб]. Біздің көзқарасымызша кінәнің аралас нысанына байланысты өзінің тұжырымды ойын көптеген ғалымдар білдіріп кеткен. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамау әрекеттерін субъективтік жағынан кінәнің екі нысанымен жасалынған әрекет ретінде қарастыру үшін, кінәнің қылмыстық ниетін және мақсатын анықтап алуымыз керек.

Осы құрамның субъективтік жағын сипаттауда субъективтік жақтың факультативті белгілері мүлдем көрсетілмейді немесе қылмысты саралауға ықпал етпейді делінеді. Ал егер де жоғарыда айтылғандай жағдай орын алса ше?

Қылмыстың субъективтік жағына оның қажетті белгісі болып кейде кінәмен бірге қылмыстың ниеті, мақсаты, эмоция кіреді. Бұл жағдай егер Қылмыстық кодекстің Ерекше бөліміндегі норманың диспозициясында, нақты қылмыс құрамдарында, егер де ниет пен мақсат оның белгісі ретінде көрсетілген жағдайда ғана қарастырылады. Ал басқа жағдайларда бұл белгілер қылмыс құрамының факультативті белгісі қатарында есептеледі.

Ниет адамның мінез-құлқында көпжақты функцияларды атқарды. Олардың ішіндегі ең негізгі екі динамикалы және мағынаны құраушы функциялар.

Латын термині «motum», «moveo» – қозғалту, қозғаламын, ниеттің осы ерекшелігін жақсы көрсетіп тұр. Еріктілік процесінде әрекет тікелей жасалатындықтан ниет мағына құраушы рөлді атқарады. Былайша қарағанда, әрекеттің қайнар көзі (импульсі, двигателі) ретінде бағаланады. Мінез-құлықтың ұғынуы-

ның өзі адам қандай мақсат қоятындығымен байланысты [5, 11-12 бб].

Сонымен қылмыстық ниет деп белгілі бір қажеттіліктер мен мүдделердің іштей түрткі болуына байланысты адамның соларды басшылыққа ала отырып, саналы түрде қылмыс істеуге бел буын айтамыз. Ниет тікелей немесе жанама қасақаналықта айқын көрініс табады. Ниетті анықтамайынша адам басқа мақсатқа емес, неліктен дәл сол мақсатқа қол сұққандығын түсіну мүмкін емес.

Қылмыстық мақсат деп адамның қылмыс істеу арқылы келешекте белгілі бір нәтижеге жетуін айтамыз. Мақсат әруақытта да тікелей қасақаналықпен іске асырылады. Қылмыстық ниет пен мақсат өзара тығыз байланысты ұғым. Адамның мақсатының қалыптасуы ниетке байланысты болса, ол мақсат пайда болған ниеттің қандай әдіспен, ниетпен жүзеге асырылатынын анықтайды.

Елімізде соңғы кезде орын алып жатқан оқиғалар мемлекеттік сот-медицина сарапшыларына тексеруге (сараптамаға) түскен қылмыстық істің мән-жайын объективті түрде шындықты ашуға көмектеспейтіндігі ішін-ара байқалуда. Корпоративтік мүддені жақтайтын тенденция басымырақ па деген пікір туғызады. Осыған байланысты кінәлі тұлғаларды тауып, қылмыстық жауапкершілікке тартуда қиындық тууда.

Кінәлілікті анықтауда мынадай қосымша ереже енгізілсе, атап айтқанда медицина және фармацевтика қызметкерлерінің кінәлілігін анықтауда сот-медицина негіздемесі және сот-химия сарапшыларының қорытындысы негізінде шешіледі. Сондықтан сот-медицина және сот-химия сарапшылары ретінде мемлекеттік сот-медицина сарапшылармен қатар тәуелсіз сот-медицина сарапшылары тартылса жөн болар еді деген пікір орынды сияқты.

Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің қасақана кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамағанда бұл әрекеттің кінәнің аралас нысанымен жасалынғандығын анықтау үшін, біздің ойымызша сот-психиатр сарапшылары психология ғылымының соңғы жетістіктерін пайдалана отырып, сот және тергеу органдарына дәйекті тұжырымды қорытындылар беруі тиіс. Осы құрамның кінә нысанын нақты анықтау үшін субъективтік жақтың факультативті белгілері кінәлінің ниеті және мақсаты анықталуы қажет.

В.Н. Кудрявцевтің ойынша, кінәлінің жасы, бұрынғы соттылығының болуы және арнаулы субъект сияқты субъектінің бірқатар белгілері қылмысты бағалау үшін ықпал етеді [6, 161 б].

В.С. Орловтың айтуынша, арнаулы субъектіге деп қосымша, ерекше белгілері ҚК-тің бірқатар баптарының диспозициясында көрсетілген белгілі бір ерекшеліктері бар тұлғалар жатқызылады [7, 138 б].

Мәселен, В.В. Устименконың ойынша, осыған дейін айтылған ұғымдардың бірқатарымен келісе отырып, айтылып кеткен түсініктер барлық елеулі белгілерді көрсетпейді немесе толық ашпайды. Оның пікірінше арнаулы субъектіге қылмыс құрамы шегінде сипаттайтын және жасалынған іс-әрекетті дұрыс саралау үшін қажетті елеулі белгілер жатқызылады [8, 8-9 бб].

Заңи әдебиетте қылмыстың арнаулы субъектісінің ұғымы және белгілерінің анықтамасына байланысты бірыңғай көзқарас жоқ дей келе, Р.О. Орымбаев, «тиісінше арнаулы субъект, субъектінің жалпы қажетті белгілерінен (есі дұрыстық, белгілі бір жасқа толу) басқа аталған қылмысты жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту мүмкіндігін шектейтін ерекше, қосымша белгілерді иеленуі тиісті адам танылады», – деді [9, 39-46 бб].

Қылмыстың арнаулы субъектісін топтастыруда әртүрлі көзқарастар бар. М.Н. Сыздықов арнаулы субъект белгілерін төрт топқа бөлді: азаматтық-құқықтық жағдайын сипаттайтын белгілер, демографиялық белгілер, лауазымдық жағдайын, атқаратын жұмысын және кәсібін сипаттайтын белгілер, бұрынғы әлеуметке қарсы іс-әрекетімен немесе қылмыстарды бірнеше рет жасауымен сипатталатын белгілер.

С.С. Молдабаев және С.М. Рахметов арнайы субъектінің келесідей белгілерін сипаттайды: субъектінің жәбірленушімен өзара қатынасын сипаттайтын белгілер, физиологиялық және демографиялық қасиетін сипаттайтын белгілер, құқықтық жағдайын немесе әлеуметтік рөлін сипаттайтын белгілер.

Арнаулы субъектінің осындай белгілерін көрсете отырып, аталған авторлар келесідей топтастыруларды береді: 1) құқықтық жағдайына байланысты, 2) демографиялық факторына байланысты, 3) әлеуметке қарсы іс-әрекетке байланысты [10, 75-76 бб].

Ресей ғалымы Г.Н. Борзенков арнаулы субъектіні белгілері бойынша мынадай үлкен үш топқа бөледі: а) құқықтық жағдайы, ә) тұлғаның физикалық қасиеті, б) субъектінің жәбірленушімен өзара қатынасы [11].

Қылмыстың субъектісін дұрыс анықтау, тергеу сот органдарының тәжірибелік қызметінде үлкен маңызға ие. Қылмысты бағалау үшін субъектінің белгілері қажетті орын алады.

Арнаулы субъектінің ұғымына байланысты құқықтық әдебиеттерде 1950 жылдардың аяғынан бастап үш түрлі көзқарастар қалыптаса бастады.

Бірінші көзқарасты ұстанған заңгерлер (В.С. Орлов, А.А. Пионтковский) арнаулы субъект қатарына қылмыстардың барлық субъектілерінің жалпы қасиетін иеленетін тұлғалар ғана емес, сонымен қатар тек өзіндік сапалық белгі сипаты бар субъектілерді де жатқызады.

Екінші топтағы авторлардың пікірінше, арнаулы субъект деп Қылмыстық кодекстің тиісті баптарының диспозициясында көрініс тапқан, нақты ерекшеліктерге ие адам танылады. Олардың айтуынша арнаулы субъектінің белгілері Қылмыстық кодекстің жекелеген диспозицияларында нақтылы көзделінгені жөн.

Үшінші көзқарастағылар болса, қосымша белгілерден басқа, олар заңда міндетті түрде нақтылы белгілері көрсетілуі немесе одан тікелей туындауы қажет дейді.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 317 және 318-баптары «Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамағаны» үшін қылмыстық жауаптылық көздегендіктен, осы құрамдардың субъектісі ретінде медицина және фармацевтика қызметкерлерін танымыз.

Енді біз медицина және фармацевтика қызметкерлерінің субъект ретіндегі ұғымын нақтырақ аша түссек. Медицина қызметкерлері біліктілік деңгейіне сәйкес мамандығы бойынша кәсіби қызметті атқаруға құқығы бар. Қазақстан Республикасы заңдарымен көзделген жағдайлардан басқа, мемлекет органдары және басқа да ұйымдар, сондай-ақ азаматтар тарапынан медицина қызметкерлерінің кәсіби қызметіне араласуға тыйым салынады [12, 89 бб].

Фармацевтика қызметкерінің ұғымын анықтап алмастан бұрын, фармацевтикалық қызметтің түсінігін ашып кетсек. Фармацевтикалық қызмет деп денсаулық сақтау саласында жүзеге асырылатын, дәрілік заттардың (препараттардың) қауіпсіздігін, тиімділігі мен сапасын қамтамасыз етуді, дәрілік заттардың өндірісін, жасалуын, жойылуын және өткізілуін (бөлінуін) қамтитын қызметті айтамыз.

Фармацевтика қызметкерлері – жоғары фармацевтика біліміне сәйкес дәрілік заттар айналымына мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға құқылы жоғары фармацевтикалық білімі бар адам. Фармацевтика қызметкерлері улы өсімдіктердің, дәрілердің ағзаға әсер етуін білуі тиіс және қарапайым медициналық

дайындықтан өтуі қажет. Аталған талаптарды қанағаттандыру үшін химия және биология саласында арнайы дайындықтан өткен жоғары фармацевтикалық білімі бар провизорлар жіберіледі. Қарастырылып жатқан құрамдарда медицина және фармацевтика қызметкерлері субъект ретінде тиісті жағдайда лауазымды тұлға қатарына да жатқызылады.

Дәрігерлер және орта медицина персоналдары мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері ретінде ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық міндеттерді атқарумен байланысты лауазымдарды иеленуі мүмкін: аурухананың бас дәрігері, бөлім меңгерушісі, клиника директоры және т.б. Тиісінше мұндай лауазымдарды иеленетін тұлғалар лауазымды қылмыстардың субъектісі ретінде танылады.

Фармацевтика қызметкерлері ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық міндеттерді орындауға байланысты лауазымды тұлғалар болады: бас мемлекеттік фармацевтика инспекторы, оның орынбасарлары, мемлекеттік фармацевтика инспекторы, облыстық бас мемлекеттік фармацевтика инспекторлары және т.б.

Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әл-Фараби аудандық соты Оңтүстік Қазақстан облысы Денсаулық сақтау департаментінің директоры Т.-ға, емдеу-профилактика жұмыстары бойынша Оңтүстік Қазақстан облысы Денсаулық сақтау департаменті директорының орынбасары Қ.-ға, ана мен баланы қорғау бойынша Оңтүстік Қазақстан облысы Денсаулық сақтау департаменті директорының орынбасары Ж.-ға, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі медициналық қызмет көрсетудің сапасын бақылау бойынша Оңтүстік Қазақстан облыстық Басқарма Комитетінің бастығы Б.-ға, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі медициналық қызмет көрсетудің сапасын бақылау бойынша Оңтүстік Қазақстан облыстық Басқарма Комитеті бастығының орынбасары Қ.-ға, Оңтүстік Қазақстан облыстық балалар ауруханасының бас дәрігері Т.-ға, емдеу жұмыстары бойынша Оңтүстік Қазақстан облыстық балалар ауруханасы бас дәрігерінің орынбасары Қ.-ға, Оңтүстік Қазақстан облыстық балалар ауруханасының емшектегі бала бөлімінің меңгерушісі А.-ға, облыстық балалар ауруханасы жан сақтау бөлімінің меңгерушісі Ә.-ге, №1 Шымкент қалалық ауруханасының бас дәрігері Б.-ға, ем-

деу жұмыстары бойынша №1 Шымкент қалалық балалар ауруханасы бас дәрігерінің орынбасары Т.-ға, емшектегі бала бөлімінің меңгерушісі З.-ға, жан сақтау бөлімінің меңгерушісі Т.-ға, №2 Шымкент қалалық балалар ауруханасы бас дәрігерінің орынбасары К.-ге, емшектегі бала бөлімінің меңгерушісі Т.-ге, жан сақтау бөлімінің меңгерушісі Ч.-ға қызметіне ұқыпсыз және адал қарамауының салдарынан, өздерінің қызметтік міндеттерін тиісінше орындамауы, яғни тиісті ұйымдастырушылық, емдік-профилактикалық шараларды қабылдамауы, нәтижесінде облыс бойынша 3 жасқа дейінгі 78 балаға және 8 анаға адамның иммун тапшылығы вирусы (ВИЧ/ЖҚТБ) жұқтырылған ауыр зардаптарға әкелгендігі үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 371-бабы бойынша айып тағылды [13]. Осы мысалдан көрініп тұрғанындай медицина қызметкерлері лауазымды тұлға ретінде салғырттық үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылып отыр.

Бірақ тікелей кәсіби ем көрсету кезінде барлық медицина қызметкерлері ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық міндеттердің ұстанушысы ретінде танылмайды. Осы міндеттерді атқарумен байланысты емес науқасқа операция жасап жатқан бас дәрігер немесе бөлім меңгерушісі, өзінің лауазымдық міндеттерін емес, тек қана кәсіби құзыреттерін жүзеге асырады. Ол бұл жерде әкімшіліктің өкілі емес, мәселен тек қана хирург немесе гинеколог болады.

Лауазымды қылмыстар объект және субъект белгісі бойынша Қылмыстық кодексте дербес тарауға бөлініп шығарылған. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің кәсіптік міндеттеріне ұқыпсыз немесе адал қарамауының салдарынан орындамауын немесе тиісінше орындамауын лауазымды қылмыстармен саралау құқықтық жағынан негізсіз. Біз бұл жерде медицина және фармацевтика қызметкерлерінің кәсіптік және лауазымдық міндеттерінің арақатынасын нақты ажыратуды қайталап айта кеткен жөн. Мәселен, аурухананың бас дәрігері жұмысқа орналастырғаны үшін адамнан ақша алса, ҚК 366-бабы «Пара алу» бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Бас дәрігер жеке бас пайдасы үшін құжаттарға өзгерістер енгізсе, Қылмыстық кодекстің 369-бабы «Қызметтік жалғандық жасау» бойынша қылмыстық жауаптылық көзделеді.

Әдебиеттер

- 1 Злобин Г.А., Никифоров Г.А. Умысел и его формы – М.: Изд-во юрид лит., 1972. – 241 с.
- 2 Уголовное право РФ: Общая часть. – М.: Юрист, 1996. – 512 с.
- 3 Люцик В.В. Учение о вине по уголовному праву Республики Казахстан и зарубежных государств. Автореф. дисс... канд. юрид. наук. – Алматы, 2005 – 24 с.
- 4 Тессман С.А. Двойная форма вины: понятие, содержание, значение. Учебное пособие. – Алматы, Изд-во Института международного права и международного бизнеса «Данекер», 2004. – 69 с.
- 5 Волков Б.С. Мотивы преступлений (уголовно-правовые и социально-психологическое исследования). – Казань: Изд-во Казанского университета 1982. – 152 с.
- 6 Кудрявцев В.Н. Общая теория квалификаций преступлений. – М.: Юрид. лит. – М.: Юрист., 2006. - 352 с.
- 7 Орлов В.С. Субъект преступления по советскому уголовному праву. – М., Юридическая литература, 1958. – 260 с.
- 8 Устименко В.В. Специальный субъект преступления. – Киев: Изд-во Вища школа, 1989. – 104 с.
- 9 Орымбаев Р. Специальный субъект преступления. – Алма-Ата: Изд-во Наука Каз ССР, 1977. – 155 с.
- 10 Уголовное право: Общая часть / под. ред. проф. А.Н. Агыбаева, проф. И.И. Рогова, проф. Г.И. Баймурзина. – Алматы: Изд-во Казак Университети, 2005. – 242 с.
- 11 Борзенков В.А. Понятие специального субъекта. – [http:// www. spbravo. ru/](http://www.spbravo.ru/) 2006. 05. 18.
- 12 Казахская Советская Энциклопедия / Главная редакция Казахской Советской Энциклопедии. – Алматы, 1973. – Т.5. – 654 б.
- 13 Приговор / Архива Аль-Фарабиского районного суда г Шымкент. – 2007. – 155 с.

References

- 1 Zlobin G.A., Nikiforov G.A. Umysel i ego formy – M.: Izd-vo jurid lit., 1972. – 241 s.
- 2 Uголовное право RF: Obshhaja chast'. – M.: Jurist, 1996. – 512 s.
- 3 Ljucik V.V. Uchenie o vine po ugovolnomu pravu Respubliki Kazahstan i zarubezhnyh gosudarstv. Avtoref.diss...kand. jurid.nauk. – Almaty, 2005 – 24 s.
- 4 Tessman S.A. Dvojnaja forma viny: ponjatie, sodержanie, znachenie.Uchebnoe posobie. – Almaty, Izd-vo Instituta mezh-dunarodnogo prava i mezhdunarodnogo biznesa «Daneker», 2004. – 69 s.
- 5 Volkov B.S. Motivy prestuplenij (ugolovno-pravovye i social'no-psihologicheskoe issledovanija). – Kazan': Izd-vo Kazan-skogo universiteta 1982. – 152 s.
- 6 Kudrjavcev V.N. Obshhaja teorija kvalifikacij prestuplenij. – M.: Jurid. lit. – M.: Jurist., 2006. - 352 s.
- 7 Orlov V.S. Sub#ekt prestuplenija po sovetskomu ugovolnomu pravu. – M., Juridicheskaja literatura, 1958. – 260 s.
- 8 Ustimenko V.V. Special'nyj sub#ekt prestuplenija. – Kiev: Izd-vo Vishha shkola, 1989. – 104 s.
- 9 Orymbaev R. Special'nyj sub#ekt prestuplenija. – Alma-Ata: Izd-vo Nauka Kaz SSR, 1977. – 155 s.
- 10 Uголовное право: Obshhaja chast' / pod. red. prof. A.N. Agybaeva, prof I.I. Rogova, prof G.I. Bajmurzina. – Almaty: Izd-vo Kazak Universiteti, 2005. – 242 s.
- 11 Borzenkov V.A. Ponjatie special'nogo sub#ekta. – [http:// www. spbravo. ru/](http://www.spbravo.ru/) 2006. 05. 18.
- 12 Kazahskaja Sovetskaja Jenciklopedija / Glavnaja redakcija Kazahskoj Sovetskoj Jenciklopedii. – Almaty, 1973. – Т.5. – 654 b.
- 13 Prigovor / Arhiva Al'-Farabiskogo rajonnogo suda g Shymkent. – 2007. – 155 s.